

## Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 желтоқсандағы N 1495 Жарлығы

### ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.08.12 N 139 Жарлығымен;

2) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1271 Жарлығында :

Жарлық мәтініндегі 2-тармақта "3640" деген цифрлар "3580" деген цифрлармен алмастырылсын;

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Ұлттық Банкінің құрылымында:

1 - б ө л і м д е :

реттік нөмірі 9-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Қолма-қол ақшамен жұмыс департаменті";

реттік нөмірі 11-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Төлем жүйелері департаменті";

мынадай мазмұндағы, реттік нөмірі 13-1-жолмен толықтырылсын:

"13-1. Монетарлық операцияларды есепке алу басқармасы";

3 - б ө л і м д е :

реттік нөмірі 4-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 6-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"6. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін қамтамасыз ету орталығы" жедел басқару құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (қазыналық кәсіпорны)".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы Жарлықтан туындайтын қажетті шараларды қолдансын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК